

Торайғыров университеті
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университет

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 3 (2020)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

Бас редакторы – главный редактор

Бегентаев М. М.

д.э.н., профессор

Заместитель главного редактора

Ответственный секретарь

Пфейфер Н. Э., *д.п.н., профессор*

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Абибуллаева А.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Бурдина Е. И.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Жуматаева Е.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Фоминых Н. Ю.,	<i>д.п.н., профессор (Россия)</i>
Снопкова Е. И.,	<i>к.п.н., профессор (Белоруссия)</i>
Мирза Н. В.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Донцов А. С.,	<i>доктор PhD</i>
Шокубаева З. Ж.,	<i>технический редактор</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/AZJX3550>**Н. С. Кожамкулова, С. М. Кенесбаев**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ӘЛЕУЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ДИАГНОСТИКАСЫ

Бұл мақала қазіргі таңдағы өзекті тақырыптардың бірі бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлік әлеуетін қалыптастыруды зерттеуге арналған. Зерттеу барысында жаңашыл мұғалімнің ерекшеліктеріне тоқтала отырып, тақырыпты ашу мақсатында «интеллект», «әлеует» ұғымдарының мән-мағынасын ашқан. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің интеллектуалды әлеуітінің қасиеттеріне тоқталған.

Мақала практикалық басымдылығымен сипатталады. Зерттеу тақырыбы аясында Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттеріне «Студенттердің ақпараттық технологиялар танымы» атты зерттеу жүргізіліп, жүргізілген эксперименттік зерттеудің нәтижелері ұсынылған. Зерттеу нәтижелері графикалық бейнеленген. Педагогтардың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру жаңа білім беру стандартының талаптары көрсетілген. Педагог Н. Б. Крылованың болашақ маманның интеллектуалды әлеуетін жүзеге асыру барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің мәдениетін қалыптастырудың ең қажетті талаптары мен шарттары блоктарға жіктеп көрсеткен. Мақаланың қорытынды бөлімінде мақалада берілген теориялық және эксперименттік жұмыстардың тұжырымдары берілген.

Кілтті сөздер: интеллектуалды әлеует, диагностика, мұғалім, қалыптастыру, бастауыш сынып.

Кіріспе

Қазіргі білім беру саласындағы басты міндет – білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру мен оларды жүзеге асыра алатын жаңашыл мұғалімдерді даярлау болып отыр. Жаңашыл мұғалімдерді

педагогикалық қызметтің барлық түрлерін зерттеп, кез-келген педагогикалық жағдайда өзінің біліктілігі, парасаттылығы, ақылдылығы, мәдениеттілігі, іскерлігі, шеберлігі арқасында шеше алатын, педагогикалық үдерістің нәтижесін жақсартуға ұмтылатын жаңашыл әрі шығармашылықпен жұмыс істей алатын жеке тұлға болуы керек.

Интеллект – бұл танымға және мәселені шешуге жалпы қабілеттілік, индивидтің барлық танымдылық қабілеттері: сезіну, қабылдау, ұсыну, ойлау, елестету. Интеллект деп мидағы бейнелеу іс-әрекетінің тұтастығы мен үйлесімділігі, адамның ақыл-ой қабілетінің барлық жиынтығы.

Әлеует – мақсатқа жету, жоспарды жүзеге асыру, міндеттерді шешу үшін пайдаланылуы мүмкін және ол жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің белгілі бір саладағы мүмкіндігі.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің интеллектуалды әлеуеті мынадай қасиеттерге ие:

- Белсенді, іс-әрекеттерді жүзеге асыруға қабілетті;
- Жинақтаған білімін, құндылықтарын және тәжірибелерін мұра тұтады;
- Іс-әрекеттің барлық түрін өзіне біріктіреді.

Зерттеу әдістері мен нәтижесі

Интеллектуалды әлеует философиялық білім жүйесінде бастапқы құрылатын күшке ие, уақыт бойынша өзгеретін қабілеттіліктен тыс қандай да бір абстрактылы категория ретінде, ал психологиялық-педагогикалық білім жүйесінде ол оқуға қабілеттілік, шығармашылық, ақыл-ойдың бірегейлігі ретінде қарастырылады. Интеллектуалды әлеует – зияткерлік іс-әрекеттің барлық түрлерін, оның субъектілерін, ғылымды, білімді, жаңашылдықты біріктіретін интегративті ұғым, ең алдымен, қоғамның интеллектуалдық ресурсы болып табылатын үздіксіз білім беру жүйесінде (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім, негізгі орта білім, жалпы орта білім, техникалық және кәсіби білім, арнайы білім, жоғары білім, жоғары оқу орнынан кейінгі білім) қалыптасады [1].

Қазіргі кезде болашақ мамандардың кәсіптік деңгейін көтеру міндеті қойылып отыр. Оқу процесі күрделеніп, оған қойылатын міндеттер, қарқындылығы мен мазмұндығы жағынан оқытушыдан оқу іс-әрекетін, оның принциптерін, оқыту мен тәрбиелеу әдістерінің заңдылықтарын психологиялық тұрғыдан терең ұғынуды және ақыл-ой парасаты дамыған, белсенді, зияткер тұлғаны қалыптастыруды талап етеді.

Сауалнама немесе айқындаушы экспериментінің әдістемелерін жүргізбес бұрын, тәжірибе жұмыстарына қатысуға алынған топтарды екіге бөліп қарастырдық. Олар бақылау және эксперименттік топтар. Бірінші сауалнамада бақылау және эксперименттік топтардың барлығы қамтылды.

Біз мазмұнға сәйкес, сауалнама бойынша студенттердің ақпараттық технологияларға қатысты таным деңгейлерін анықтаумен қатар, өзін-өзі дамытуға деген қажеттіліктерді жүзеге асыру диагностикасы, өзін-өзі дамыту мүмкіндіктерін бағалауға арналған сауалнамалар жүргізілді. Бұл сауалнамалар студенттердің оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде интеллектісін қалыптастыру деңгейлерін анықтауға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Педагогика және психология институты бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының студенттеріне жүргізілген авторлық құрастырылған *«Студенттердің ақпараттық технологиялар танымы»* сауалнамасына 112 студент қатысты. Сауалнама 15 сұрақтан және әрбір сұрақ үш жауаптан тұрады. Жауаптар 1,2,3 деңгейлерімен бағаланады. Мысалы, 1–13 балл жинағандар – «төмен», 14–17 балл жинаған студент ақпараттық технологиялар танымы «орта» деген, ал 40–42 балл жинаған студент «жоғары» деген деңгейге ие болады.

Сауалнама нәтижесі көрсетіп отырғанындай, жауаптарында ақпараттық технологиялар дүниетанымыды кеңейтеді деген сұраққа жауаптары ақпараттық технологиялар өзімді тануға, дамытуға, шығармашылық іс-әрекеттер ұйымдастыруымызға көмектеседі деп есептейміз.


Ақпараттық технологияның жоғары оқу орындарында білім сапасын арттыруға ықпалы бар деп ойлайтындар да ішінара жауаптарын берді.

Кесте 1 – Айқандаушы экспериментіндегі бақылау және эксперименттік топтардың ақпараттық технологиялар танымын анықтау нәтижесінің көрсеткіштері

Тетіктер	Ақпараттық технология танымы жоғары (иә)		Ақпараттық технология танымы орта (жауап беруге қиын)		А қ п а р а т т ы қ технология танымы төмен (жоқ)	
	п	%	п	%	п	%
БТ(55)	16	29,09	17	30,9	22	40
ЭТ(57)	15	26,3	18	31,5	24	42,1
Барлығы	31	55,39	35	62,4	46	82,1

Сауалнамаға қатынасқан *«Студенттердің ақпараттық технологиялар танымы»* атты сауалнамаға 112 студенттің 55-і бақылау тобы, ал 57-і эксперимент топ ретінде қатысты. Олардың бақылау тобы бойынша жауап беруге қиналғандар – 17 студент, бұл 30,9% – «орташа» көрсеткіште болса, ал ЭТ-да бұл шкала бойынша 18 студент, бұл дегеніміз 31,5%-дық көрсеткішті

көрсетіп отыр. Жоғары деңгейіндегі көрсеткіштер – бақылау тобы – 16,29,09%-ды құрап отыр, ал ЭТ-да 15 студент, ол 26,3 % – «жоғары» деген нәтиже береді. Ал үшінші деңгейі БТ-да 22 студент «төмен» болады, бұл – 40 % – «өте жоғары» деңгейіндегі көрсеткішті құрап отыр. Ал, эксперимент тобы бойынша 42,1 % – «төмен», деңгейлеріне ие болады, сандық – 24 студентті құрайды.



Сурет 1 – Айқындаушы эксперимент кезіндегі БТ, ЭТ студенттерінің ақпараттық технологиялар танымы деңгейін анықтаудағы нәтижелерінің диаграммасы

«Студенттердің ақпараттық технологиялар танымы» атты сауалнама нәтижесінен көріп отырғанымыздай, интеллектісін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды қолдану болашақ мамандарға кәсіби түрткі ретінде ой салатыны белгілі болды. Ақпараттық технологияға танымының болуы шығармашылық іс-әрекеттердің мазмұнын сомдауға, оқыту үдеріс кезіндегі өзіндік мақсаттарын тандауы, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі дамытудың мүмкін тұстары алға шығарылады.

Жоғары білім психологиясының проблемаларын зерттеуші А. А. Вербицкий білім берудегі тенденцияларды төмендегідей бөліп қарастырады.

Бірінші тенденция – білім берудің әрбір деңгейінің үздіксіз білімнің құрамы, ажырамас бөлігі деп ұғыну. Бұл тенденция бойынша, мектеппен институттың сабақтастығы ғана емес, жоғары оқу орны мен студенттердің болашақ өндірістік іс-әрекеті арасындағы сабақтастық проблемасын

шешуді де көздейді. Ал оның өзі студенттердің оқу әрекетінде өндірістік ситуацияларды моделдеу міндетін қояды, өз кезегінде бұл белгілі контекстілі оқудың жаңа типін қалыптастырудың негізі.

Екінші тенденция – оқытуды индустрияландыру, яғни компьютерлендіру, қазіргі қоғамның интеллектуалды әрекетін неғұрлым күшейтуге мүмкіндік туғызу.

Үшінші тенденция – оқытудың белсенді әдістері мен формаларына өту.

Төртінші тенденция – А. А. Вербицкий бойынша «қатаң түрде регламенттелген тексерушілік, алгоритмделген оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру тәсілдері мен сол процесті басқарудан, дамытпалы, белсендендіретін, интенсивтендіретін, ойын түріндегі көшіретін психологиялық дидактикалық жағдайларды іздестірумен байланысты.

Бесінші және алтыншы тенденциялар – оқушы мен оқытушы арасындағы өзара әрекеттестікті ұйымдастыру мен оқытуды, ұжымдық, біріккен әрекет ұйымдастырумен бекітіледі.

Сондықтан оқытушылар негізгі мақсатқа жету – қандай психикалық процестер, жағдайлар мен қасиеттерге байланысты екенін ажырата білулері керек. Оқу материалын қалай ұтымды пайдалануды, теориялық және практикалық даярлығы бар болашақ мамандарды жан-жақты дамытуға қажетті оқыту жағдайларын да білулері қажет. Болашақ ұстаздың мәдениетінің жоғары дәрежеде болуы, оның интеллектуалды мүмкіндігінің, ой-өрісінің кеңдігі біртұтас педагогикалық үрдістің тиімділігін арттыруға әсер ететіні сөзсіз [2].

Педагогтардың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру жаңа білім беру стандартының төмендегідей талаптарына сәйкес болуы шарт:

- жаңа білім беру стандартының мазмұны мен әдіснамасын қабылдауға;
- білім беру үдерісін бағдарламалық және әдістемелік тұрғыдан өзгертуге;
- педагог қызметінің мақсаттары мен тәсілдерінің өзгеруіне;
- білім берудің дәстүрлі және тың нәтижелерін бағалауға мүмкіндік беретін бағалау әрекетінің жаңа тәсілдерін қолдануға даярлануы керек.

Осы мәселе төңірегінде, яғни мұғалімнің кәсіби қасиеттеріне, ерешеліктеріне қатысты ғалымдардың ойлары да баршылық. В. П. Беспалько, К. А. Абульханова-Славская пікірінше, болашақ бастауыш сынып мұғалімі:

- жақсы кәсіби дайындығының, психология, педагогика салаларынан, инновациялық оқыту технологияларын білімі жетік болуы;
- жоғары дәрежелі мәдениетке ие болуы;
- қоғамдағы қазіргі инновациялық технологияларды, педагогикалық-психологиялық үрдістер туралы ақпараттан хабардар болуы;

- түрлі әлеуметтік топпен жұмыс істеуге қабілетті;
- жоғары дәрежелі зияткерлік әлеуетті болуы;
- қоршаған адамдарға, көпшілікке сүйкімді, сеніміне ене алатын кәсіби өнегелік қасиеттерінің болуы;
- эмоционалды жағдайда өзін-өзі ұстай алатын, өз міндетін әділ орындай алатын дағдыға ие болуы;
- іс-әрекет барысында туындайтын стандартты емес жағдаяттарда дұрыс шешім қабылдай алатын, өз ойын нақты, сауатты, түсінікті білдіре алатын шеберлігі болуы тиіс.

Айтылған тұжырымдарды ескерсек, сондай-ақ мұғалімнің интеллектуалды әлеуетіне тән жалпы болмысты ескерсек, соңғы талап болашақ мұғалімнің кәсіби мінезіне тән арнайы интеллектуалды қабілеттерге негізделгенін, оның кәсіби біліктілігіне, өзін басқаруға, интеллектуалды-шығармашылық жұмысты жүзеге асыруға бағытталған қабілеттерге сүйеніп сипатталғанын аңғарамыз [3].

Интеллектуалды әлеуетті тұлға – адамгершілік және ұлттық құндылықтарға негізделген жаңа және арнайы мамандандырылған білім көздерін жоғары дәрежеде игеру арқылы пайда болған білім, білік, құзыреттерді өзінің, ұлты мен Отанының мүддесіне жарата алатын азамат.

Қазіргі өмірдің шынайылығы мектептің түлегін даярлаудың кез келген бағыты бойынша тұрақты дербес кәсіби білім беру іс-әрекетіне дайын болуы тиіс. Еңбек нарығының серпінді өзгеруі, жаңа ақпараттық технологиялардың пайда болуы, үлкен деректер қорының жинақталуы тек білімді қажет етпейді, атап айтқанда жаңадан пайда болатын кәсіби қауіпқатерлерге жауап беру, үлкен көлемде ақпаратпен жұмыс жасау қабілетін талап етеді. Білім берудің негізгі міндеті өзін-өзі дамыту, өзін-өзі өркендету және инновацияға қабілетті маманның шығармашылық тұлғасын қалыптастыру болып табылады.

Педагог Крылова Н. Б. болашақ маманның интеллектуалды әлеуетін жүзеге асыру барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің мәдениетін қалыптастырудың ең қажетті талаптары мен шарттарын анықтайды. Оларды үш блокқа жіктеп көрсетуге болады:

«Әлеуметтік жетілу» блогы. Демократиялық тәрбиені, мұғалімнің саяси мәдениетін ойлау мен әрекет стереотиптерінен де жоғары тану амалдары ретінде қарастыру: Отанға деген құрметі, халық үшін қызмет етуі, отансүйгіштігі, толеранттылығы, азаматтығы, қоғамдық істерге қызығушылығы, тұрақты ғылыми дүниетанымы, сынға төзімді қарымқатынасы, өзгерістерге дайындығы, әлеуметтік өзгеріс мұқтаждықтарын терең түсіну, күнделікті өмірдегі ұйымдастырушылық, тәрбиелік, шаруашылық жұмыстарына қатысты

іскерлігі, әлеуметтік мәселелерді шешуде технократтық тәсілден де тиімді жолдарды қолдана алуы.

«Жоғары кәсібилік, іскери және интеллектуалды қасиеттер» блогы. Интеллектуалды ізденіс әлеуметтік және іскери жетілгендіктің критерийлері ретінде қарастырылады: біліктілік, кәсіби шеберлік, сапалы жұмыс істеуге талпынысы, жоғары кәсібилігі үшін сұраныс, тапсырылған іске деген жауапкершілік сезімі, жеке даралығы, еңбекке деген саналы қатынасы, еңбекте үлгілі бола алу қабілеті, гуманитарлы ғылым жүйесіндегі, яғни психология, педагогика салаларындағы терең білімі, еңбекті ұйымдастыра алуы, ынталандыруы, озық тәжірибені, оқытудың инновациялық технологияларын игеруі, болашағын жоспарлай алу іскерлігі, кәсіби деңгейдің өсуінде, білім жаңаруында, ғылым саласының кеңеюінде алдағы өмірді болжай алу іскерлігі, ұйымдастырушылық қабілеті, жетістігіне салауатты түрде қанағаттана алуы, тәртіптілік, төзімділік, ізденушілік қабілеті, дарындарды қолдай алу қабілеті.

«Рухани мәдениет, адамгершілік бейнесі» блогы: қатал адамгершілік пікірлері, қоғамдағы демократизм, мінез ашықтығы, мейірімділігі, адамдармен жұмыс істей алу қабілеті, сезгіштігі, адамдарға көңіл бөле алуы және сене білуі, оларды өз ісіне сендіре білуі, моральды саулығы, адалдығы, табандылығы, шыншылдығы, қарапайымдылығы, сыпайылығы, еркіндік қасиеті, сөзі мен ісіндегі тұтастығы, өзінің жеке мүдделерін қоғамдық мүдделерге бағындыра алуы, белсенділігі, саналы ойлай алатындығы, өзінен талап ете алушылығы, тәртіптілігі, кеңес бере алуы, қоғамның рухани өміріне белсене араласуы, тұлғаның зияткерлік әлеуеті, бірлескен жұмысқа қабілеттілігі, пікірталас барысындағы жоғары мәдениеттілігі, адамгершілік қабілеті, мәдени дүниетанымының кеңдігі, эрудициясы, дамыған өнегелік талғамы.

Жоғарыда аталған қасиеттер жинала келе болашақ мұғалімнің бейнесін танытады және интеллектуалды әлеуеттің негізгі өзегін, контурын құрайды.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің мәдениеттілігін құрайтын әлеуметтік қасиеттердің құрылымын жіктеп көрсетуге болады:

- Тұлғаның мүддесі мен білім жүйесі оның дүниетанымын сипаттайды;
- Сендіру-пайымдау жүйесі болашақ мұғалімнің мәдениетінің дүниетанымдық деңгейін танытады;
- Жоғары дамыған қабілеттері мен іскерлік жүйесі арқылы тұлға өзінің тәжірибедегі барлық әрекеттерін сәтті, жетістікпен орындай алады;
- Жеке-дара мінез-құлық нормалары мен бойына сіңген қызметтік әдістер жүйесі тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқын, жүріс-тұрысын реттеу, тәртіпке келтіру деңгейін бейнелейді;

– Әлеуметтік сезімдер жүйесі іс-әрекеттің және тұлғаның мінез-құлқының үрдісін, барысын уайымдау негізінде қалыптасатын және эмоционалды белсенділікте 5 байқалатын эмоционалды мәдениет деңгейін танытады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің мәдениеттілігі тұлғаның интеллектуалды әлеуетінің интегралды көрсеткіші ретінде құрамындағы барлық құрамдастарымен өзара байланыста біртұтастықта болады.

Интеллектуалды әлеуеті дамыған мұғалімнің мәдениетінің көрсеткіші ретінде біздің ойымызша, негізінен дүниетаным кендігі, зияткерлігі мен бағыттылығы, өзін басқару, дүниені тану бағыты мен оны қалыптастыру деңгейі, әлеуметтік белсенділік дәрежесі, әлеуметтік мінез-құлық нормалары, түрлі қызмет әдістерін меңгеру деңгейі, іскерлігі, қабілеттері, эмоционалды сезімдерін білдіре алу шеберлігі, интуиция да мұғалімнің мәдениетінің көрсеткіші бола алатын сияқты. Басқаша айтатын болсақ, интеллектуалды әлеуеті дамыған мұғалімнің мәдениетінің көрсеткіші – бұл еңбек мәдениеті мен сезім мәдениетін құрамдастықтары [4].

Қорытынды

Интеллектуалды әлеует тек мінез-құлық қасиеттері аясында ғана емес, сондай-ақ терен әрі тұлғалық деңгейде дамуы үшін даму үрдісі арнайы дайындалған ортада жүргізілуі тиіс, яғни ЖОО-ның оқу-тәрбиелік үрдісі талаптарына сай атқарылуы. Болашақ мұғалімнің интеллектуалды әлеуетінің жалпы мазмұны атқарып отырған міндетіне тән кәсіби іс-әрекетімен тығыз байланысты, сондықтан түрлі іс-әрекетке жіктелсе де, оларға тән жалпы қызметтік сипат ерекшелігін, яғни өнегелі қоғамдағы оқу-тәрбие ісінің интеллектуалдылығынан туындайтынын ескеру қажет.

Қорытындалай келе, интеллектуалды әлеуетті қалыптатсырудың барлық құрылымдық құрамдас бөліктері болашақ мамандардың білім беру ұйымдарындағы қызметіне, атап айтқанда, нақты педагогикалық жағдайларды шеше алу шеберлігіне бағытталған. Мамандардың кәсіби даярлығы, яғни оның білім беру қызметі барысында иеленген білімі, тәжірибесі, жеке және әлеуметтік қасиеттері мен құндылықтарын жұмылдыру қабілеті оның интеллектуалды әлеуетін қалыптастырып, біліктілігін арттыруды құрайды және оны өз тәжірибесінде тиімді пайдалана алуымен өлшенеді.

Пайдаланған деректер тізімі

1 Пірәлиев, С. Ж., Оразбаева, Ф. Ш., Иманбаева, С. Т., Берикханова, А. Е., Шолпанқұлова, Г. К. т.б. Болашақ маманның интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру негіздері : Оқу құралы. – Алматы : Абай атындағы ҚазҰПУ. «Ұлағат». 2014. – 296 б.

2 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасын бекіту туралы : 2013 жылдың 4 маусымы, №579 бекітілген [Электронды ресурс]. – <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000579>. 04.06.2013.

3 Қазақстан Республикасы Н. Ә. Назарбаевтың «Интеллектуалды ұлт–2020» ұлттық бағдарламасы [Электронды ресурс]. – <https://aikyn.kz>. 30.01.2008.

4 **Кенжебеков, Б. Т.** Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру : 13.00.08 : пед. ғыл. док. ... автореф. – Қарағанды, 2005. – 40 б.

5 **Нурғалиева, М. Е.** Студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісінде өздік жұмысты ұйымдастырудың педагогикалық шарттары: Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 6D010300 – Педагогика және психология. – С. Торайгыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті. – Павлодар, 2019. – 149 б.

6 **Романова, М. А.** Формирование психолого-педагогического потенциала учителя начальных классов. Дисс на соискание д.псих.н. – М., 2012. – 460 с.

7 **Абзалова, Д. Г.** Профессионально-нравственный компонент повышения квалификации учителей начальных классов / Д. Г. Абзалова // Начальная школа : плюс до и после. – 2010. – № 2. – С. 86–90.

8 **Абдуллина, О. А.** Личность студента в процессе профессиональной подготовки / О. А. Абдуллина // Высшее образование в России. – 1993. – № 3. – С. 165–170.

9 **Байкова, Л. А.** Формирование диагностических умений будущих учителей в процессе изучения курса педагогики : дис. . канд. пед. наук / Л. А. Байкова. Тула, 1995. – 232 с.

10 **Белокур, Н. Ф.** Формирование дидактических умений будущего учителя в процессе общепедагогической подготовки / Н. Ф. Белокур. – Челябинск : Челяб. гос. пед. ин-т, 1986. – 88 с.

References

1 **Pirálev, S. J., Orazbaeva, F. Sh., Imanbaeva, S. T., Berikhanova, A. E., Sholpanqulova, G. K. t.b.** Bolashaq mamannyń intellektýaldy áleýetin qalyptastyryń negizderi Bolashak mamannyn intellektualdy aleuetin kalyptastyru negizderi] : Oku kuraly. – Almaty : Abay finday ASPU. «Ulagat». – 2014 – 296 b.

2 **Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń Jarlyǵy.** Qazaqstan Respýblikasynyń 2020 jylǵa deiingi innovatsualyq damý tujyrymdamasyn bekityń týraly [Kazakstan Respublikasy President Earley. Kazakhstan Respublikasynyn 2020 Gila Dang

innovately lady thirumalai Becca Turala] 2013 gildy 4 mousumi, No. 579 bakhategan [Электронды ресурсы]. – <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000579>. 04.06.2013.

3 Qazaqstan Respublikasy N. A. Nazarbaevtyń «Intellectýaldy ult–2020» ulttyq baǵdarlamasy [Kazakhstan Respublikasy N. A. Nazarbaeva «Intellectually ult–2020» ulttyk badalamenti] [Электронды ресурсы]. – <https://aikyn.kz>. 30.01.2008.

4 **Kenjebekov, B. T.** Joǵary oqý orny júesinde bolashaq mamandardyń kásibi quzyrettiligin qalyptastyry [Geary excellent Ornan jieshe Bolashak amandurdy CSU Tirelli alaptanterv] : 13.00.08: ped. al. Doc. ... abstract. – Karagandy, 2005. – 40 b.

5 **Nýrgalieva, M. E.** Stýdentterdiń intellektýaldy áleyetin arttyry úderisinde ózdik jumysty uymdastyrydyń pedagogikalyq sharttary [Studentcard intellectually lewen Arturo dersinde SDK imity jimbastard of pedagogical Sartori] : Philosophy doctor (PhD) dries Alu ushin diendan thesis: 6D010300 – Pedagogy and psychology]. – Pavlodar S. Toraihyrov Pavlodar University, 2019. – 149 b.

6 **Romanova, M. A.** Formirovanie psihologo-pedagogicheskogo potentsiala ýchitelia nachalnyh klassov [Formation of psychological and pedagogical potential of primary school teachers] : Diss for the competition of D. PSH. n. – M., 2012 – 460 p.

7 **Abzalova, D. G.** Professionalno-nravstvennyı komponent povysheniia kvalifikatsii ýchitelei nachalnyh klassov [Professional and moral component of professional development of primary school teachers]. In Primary school : plus before and after. 2010. – No. 2. – Pp. 86–90.

8 **Abdýllina, O. A.** Lichnost stýdenta v protsesse professionalnoi podgotovki [Personality of a student in the process of professional training]. In Higher education in Russia. 1993. – No. 3. – P. 165–170.

9 **Bankova, L. A.** Formirovanie diagnosticheskikh ýmenii býdykh ýchitelei v protsesse izýcheniia kýrsa pedagogiki [Formation of diagnostic skills of future teachers in the process of studying the course of pedagogy] : dis. . candidate of pedagogical sciences / L. A. Baykova. – Tula, 1995. – 232 p.

10 **Belokýr, N. F.** Formirovanie didakticheskikh ýmenii býdyego ýchitelia v protsesse obepedagogicheskoi podgotovki [Formation of didactic skills of the future teacher in the process of General pedagogical training] / N. F. Belokur. (ed.) – Chelyabinsk : Chelyabinsk state pedagogical Institute, 1986. – 88 p.

Материал 30.09.20 баспаға түсті.

Н. С. Кожамкулова, С. М. Кенесбаев

Диагностика формирования интеллектуального потенциала будущих учителей начальных классов

Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Республика Казахстан, г. Алматы.
Материал поступил в редакцию 30.09.20.

N. S. Kozhamkulova, S. M. Kenesbayev

Diagnostics of the formation of the intellectual potential of future primary school teachers

Abay Kazakh National Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.
Material received on 30.09.20.

Данная статья посвящена исследованию формирования интеллектуального потенциала учителей начальных классов, одной из актуальных на сегодняшний день тем. В ходе исследования он остановился на особенностях учителя-новатора, раскрыл значение понятий «интеллект», «потенциал» с целью раскрытия темы. Остановился на качествах интеллектуального потенциала будущих учителей начальных классов.

Статья характеризуется практическим приоритетом. В рамках темы исследования студентам Казахского национального университета имени Абая было проведено исследование «познание студентами информационных технологий», в ходе которого были представлены результаты проведенного экспериментального исследования. Результаты исследования представлены графически. Формирование интеллектуального потенциала педагогов отражены требования нового образовательного стандарта. Педагог Н. Б. В ходе реализации интеллектуального потенциала будущего специалиста Крылова выделила наиболее необходимые требования и условия формирования культуры будущих учителей начальных классов. В заключительной части статьи приведены выводы теоретических и экспериментальных работ, представленных в статье.

Ключевые слова: интеллектуальный потенциал, диагностика, учитель, формирование, начальный класс.

This article is devoted to the study of the formation of the intellectual potential of primary school teachers, one of the most relevant topics at

the moment. In the course of the study, the essence of the concepts of «intelligence» and «potential» was revealed in order to reveal the topic, focusing on the peculiarities of an innovative teacher. He focused on the properties of the intellectual potential of future primary school teachers.

The article is characterized by practical priority. Within the framework of the research topic, students of the Abai Kazakh National University were presented with the results of the experimental study «knowledge of Information Technologies by students». The results of the study are depicted graphically. Formation of the intellectual potential of teachers the requirements of the new educational standard are outlined. Teacher N. B. Krylova classified the most necessary requirements and conditions for forming the culture of future primary school teachers in the process of realizing the intellectual potential of the future specialist into blocks. In the final part of the article, the conclusions of the theoretical and experimental work presented in the article are presented.

Keywords: intellectual potential, diagnostics, teacher, formation, primary school.

Теруге 30.09.2020 ж. жіберілді. Басуға 19.10.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,66 Mb RAM

Шартты баспа табағы 36,5.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3701

Сдано в набор 30.09.2020 г. Подписано в печать 19.10.2020 г.

Электронное издание

2,66 Mb RAM

Усл.п.л. 36,5. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3701

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz